

**«6D050800 – Есеп және аудит» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Жунисова Гульнар Ерикқызының «Стратегиялық басқару есебі мен талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде» тақырыбындағы диссертациясына ресми рецензенттің**

**СЫН-ШҚІРІ**

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Зерттеу тақырыбы ғылымның дамуының басым бағытына сәйкес келеді және теориялық және практикалық өзектілікке ие. Бұл біріншіден зерттеудің, «Қазақстан-2050» стратегиясында белгіленген міндеттерге сәйкес Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы саласындағы Стратегиялық міндеттермен байланысты, екіншіден, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкестігімен түсіндіріледі.
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі); 2) Диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарлама атауы) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертация ғылым дамуының келесі басым бағыттарына сәйкес келеді: 1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 31 желтоқсандағы № 1050 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. 2. «Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» Қазақстан Республикасының бірінші Президенті - елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, Астана қ., 2012 жылғы 14 желтоқсан. 3. «Сындарлы қоғамдық диалог - Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі», Мемлекет Басшысы Қ.К. Тоқаевтың 2019 жылғы 2 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауы

2	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға <u>елеулі</u> үлесін <u>қосады</u> /қоспайды, ал оның маңыздылығы <u>ашылған</u> /ашылмаған.	<p>Диссертациялық жұмыс ғылымға <u>елеулі</u> үлесін қосады. Ал оның маңыздылығы жақсы ашылып жазылған. Автор ұсынған шығындарды Стратегиялық басқару әдістемесі жобалар, жаңа бағыттар бойынша шығындарды қадағалауға мүмкіндік береді. Автор ұсынған кондитерлік саладағы ұйымдардың басқару есебінде Стратегиялық шығындардың көрсетілу әдістемесі «Баян сұлу» АҚ-ның тәжірибесінде пайдалануға енгізілді және енгізу актісімен расталған.</p> <p>Сонымен қатар, Зерттеу нәтижесінде Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Есеп және аудит» мамандығының (магистратура деңгейінде) оқу бағдарламасына «Стратегиялық есеп және талдау» курсы енгізілген және оқыту тәжірибесінде қолданылып, енгізу актісімен расталған.</p>
3	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) <u>жоғары</u> ; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Жұмыс автормен өздігімен <u>жоғары</u> деңгейде жазылған. Айтылған жаңа нәтижелер Стратегиялық басқару есебі мен талдаудың теория-әдістемелік және тәжірибелік негіздерін қалыптастыруда жеке үлесін көрсетеді.
4	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) <u>негізделген</u> ; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген.	Диссертация тақырыбы <u>өзекті және дәлелденген</u> . Себебі, ел Президенті К.Ж. Тоқаевтың «Жаңа Қазақстан» парадигмасына сәйкес шығындарды басқару стратегиясы мен бақылаудың маңызы артқан. Стратегиялық басқару есебі мен талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыруда маңызды.
		4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) <u>айқындайды</u> ; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды.	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын <u>айқындайды</u> . Бір реттілік заңдылықтарын сақтай отырып орындалған. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы Стратегиялық басқару есебі мен талдауының теориялық негіздері, Стратегиялық басқару есебін ұйымдастыру, талдауды жүргізу және жетілдіру жолдары қарастырылған.
		4.3 Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес	Мақсаты мен міндеттері диссертация жұмысына <u>сәйкес келеді</u> . Диссертациялық зерттеудің мақсаты ұйымның бәсекеге

		<p>келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сәйкес келеді;</u></li> <li>2) жартылай сәйкес келеді;</li> <li>3) сәйкес келмейді.</li> </ol>	<p>қабілеттілігін арттыруға бағытталған Стратегиялық басқару есебі мен талдаудың теориялық негіздерін зерттеу, әдістемелік негіздеу және тәжірибеде қолдану бойынша ұсыныстарды әзірлеу. Мақсатқа жету үшін Стратегиялық басқару есебі жүйесінің теориялық зерттеліп, ұйымдастыру бойынша тәжірибелік ұсыныстарды беруді талап етеді.</p>
		<p>4.4 Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толық байланысқан;</u></li> <li>2) жартылай байланысқан;</li> <li>3) байланыс жоқ</li> </ol>	<p>Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық <u>толық байланысқан</u>. Реттілікпен Стратегиялық басқару есебі мен талдаудың дамуының теориялық көз-қарастары мен концепциялары қаралған. Нәтижесінде автор өз тарапынан ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін Стратегиялық басқару есебі мен талдауын дамыту бойынша ұсыныстарын білдірген.</p>
		<p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>сыни талдау бар;</u></li> <li>2) талдау жартылай жүргізілген;</li> <li>3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген</li> </ol>	<p><u>Сыни талдау бар</u>. Автормен ұсынылған тұжырымдамалар негізделген және белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде бағаланған. Жұмыста Стратегиялық басқару есебі мен талдау теориялары біршама сыни талдауға алынып, нәтижесінде «Стратегиялық басқару есебі» ұғымына нақтыланған анықтама берілген. Автордың ұсынған Стратегиялық басқару есебі құралдарының жіктемесі де, басқару есебінде шығындарды Стратегиялық басқару әдістемесі де сыни талдауларына негізделген.</p>
5	Ғылыми жаңалық принципі	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табылады ма?</p> <ol style="list-style-type: none"> <li>1) <u>толығымен жаңа;</u></li> <li>2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);</li> <li>3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</li> </ol>	<p>Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар <u>толығымен жаңа</u> деп бағалауға болады. Автордың «Стратегиялық басқару есебі» түсінігіне берген анықтамасы отандық және шетелдік авторлардың тұжырымдамаларына әдебиеттік шолу негізінде қалыптасқан және толығымен жаңа. Ұсынған шығындар жіктемесі, ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың математикалық моделі мен логикалық-құрылымдық моделі толығымен жаңа деп бағаланады.</p>
		<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табылады ма?</p>	<p>Диссертацияның қорытындылары <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. Автормен Стратегиялық талдау көрсеткіштері негізінде</p>

		<p>1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады)</p>	<p>Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалаудың экономикалық моделі ұсынылған. Сонымен қатар, жұмысының жиынтық тұжырымдамасы болып табылатын, толығымен жаңа логикалық құрылымдық моделі келтірілген.</p>
		<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?  1) <u>толығымен жаңа</u>;  2) жартылай жаңа (25-75 % жаңа болып табылады);  3) жаңа емес (25 % кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері <u>толығымен жаңа</u>. Жоғарыда аталған барлық автормен ұсынылған тұжырымдар жүргізілген зерттеу негізінде жасалған. Автордың ұсынған нәтижелері Стратегиялық бақсару есебі мен талдаудың теориялық-әдістемелік және тәжірибелік негіздерінің дамуына жеке үлесін көрсетеді.</p>
6	Негізгі қорытындылардың негізділігі	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)</p>	<p>Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>.  Бірінші нәтиже көптеген Стратегиялық басқару есебі мен талдаудың маңызы жайында ғылыми дәлелдеулердің негізінде негізделген.  Екінші нәтиже арнайы бағдарламаның көмегімен есептелген Стратегиялық басқару есебі мен талдау құралдарының ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсерін дәлелдеумен сенімді және негізделген.  Үшінші нәтиженің негізделуі шығындарды Стратегиялық басқарудың әдістерін зерттеу мен бағалау мен соңында шығындарды басқару есебінде оның есебін жүргізу әдістемесін ұсынумен расталады.  Төртінші нәтиже бойынша ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалау үшін құрастырылған математикалық модельдің кеңінен зерттелген Стратегиялық талдау құралдарымен негізделген.  Бесінші нәтижені негізделген деп бағалаудың себебі оның жоғарыда келтірілген барлық тұжырымдамалардың жиынтығы негізінде құрастырылуымен түсіндіріледі.  Осылайша, диссертациялық жұмыстың ғылыми нәтижелерінің</p>

			<p>негізделуі мен сенімділігі күмән туғызбайды. Отандық және шетелдік авторлардың көптеген жылдар бойынша жасалған еңбектерін кешенді зерттеу мен арнайы бағдарламалар Стратегиялық басқару есебі мен талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы болатынын дәлелдеуге және ұсынылған тұжырымдамаларға негіз болды.</p>
7	<p>Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар</p>	<p>Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденді ме?</p> <p>1) <u>Дәлелденді</u>;</p> <p>2) Шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u>.</p> <p>Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) <u>кең</u>.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) <u>иә</u>;</p> <p>2) <u>жоқ</u></p>	<p>1-тұжырымдама. Стратегиялық басқару есебін ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде өзгешелігін нақтылайтын «Стратегиялық басқару есебі» ұғымына нақтыланған авторлық анықтама.</p> <p>7.1 Қағидат дәлелденген бе? Иә, шетелдік және отандық зерттеушілердің еңбектері негізінде Стратегиялық басқару есебі мен талдауының қажеттілігі дәлелденген.</p> <p>7.2 Тривиалды ма? Жоқ, себебі берілген анықтама көптеген зерттеулердің негізінде құрастырылған және ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қатысты ерекшелігін де қамтыған.</p> <p>7.3 Жаңа ма? Иә, себебі бұған дейін Стратегиялық басқару есебі толық сипаттамалары ескеріліп және ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде қарастырылмаған.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі: кең. Стратегиялық басқару есебі бухгалтерлік есеп мүмкіндіктерін кеңейтуге және бухгалтер мамандығының ұйымның стратегиялық мақсатына, яғни бәсекеге қабілеттілігін арттырудағы рөлін арттыруға жағдай жасайды.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, дәлелденген.</p> <p>1. Baydyldyna A.M., Zhunisova G.E., Competitiveness as an economic category // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Экономикалық серия. Алматы – 2016. – №5(117). – б.78-89.</p> <p>2. Жунисова Г.Е., Байдильдина А.М., Стратегиялық басқару есебі мен оның ұйым басқару шеңберіндегі объектілері мен функционалдық арналымы // VI Халықаралық Фараби оқулары, Алматы, 2019, 2-12 сәуір, 12-14 б.</p> <p>2-тұжырымдама. Кондитерлік сала ұйымдарының бәсекеге</p>

қабілеттілік деңгейін арттыруға ықпалын тигізетін стратегиялық басқару есебі құралдарын пайдалану маңыздылығы анықталып, стратегиялық басқару есебі құралдарының жіктелуі;

7.1 Қағидат дәлелденген бе? Иә, арнайы бағдарламаның көмегімен ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға стратегиялық басқару есебі құралдарын қолданудың әсері дәлелденген және жіктелуі ұсынылған.

7.2 Тривиалды ма? Жоқ, себебі берілген дәлелдеу көптеген кондитерлік ұйымдардың негізінде құрастырылған және стратегиялық басқару есебі құралдарының жіктелуі ұсынылған.

7.3 Жаңа ма? Иә, себебі бұған дейін Стратегиялық басқару есебі мен талдаудың ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруға әсері анықталмаған және құралдары жүйеленбеген.

7.4 Қолдану деңгейі: кең. Стратегиялық басқару есебі құралдарын ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, жалпы қаржылық жағдайын жақсартуда, бағалауда қолдануға болады.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, дәлелденген.

1. Байдильдина А.М., Жунисова Г.Е., Эффективность финансового менеджмента в обеспечении конкурентоспособности продовольственных товаров // Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Экономикалық серия. Алматы – 2016. – №6(118). – б.33-38.

3-тұжырымдама. Кондитерлік сала ұйымдарындағы басқару шешімдерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін стратегиялық шығындардың жіктелуі және олардың басқару есебіндегі ұйымдастырылу әдістемесі;

7.1 Қағидат дәлелденген бе? Иә, тәжірибеде кездесетін шығындарды басқарудың тұжырымдамалары салыстырыла келе, стратегиялық шығындардың жіктелуі және олардың басқару есебіндегі ұйымдастырылу әдістемесі ұсынылған.

7.2 Тривиалды ма? Жоқ, басқару есебіндегі ұйымдастырылу әдістемесі шығындар бойынша ұйымда жұмыс шоттар жоспарына

жаңа шоттарды енгізуді және бюджеттеуді балансталған көрсеткіштер жүйесі негізінде көрсетуді қамтиды.

7.3 Жаңа ма? Иә, себебі бұған дейін автормен стратегиялық шығындарды басқару үшін жағдай жасайтын, аналитикалық шоттарды енгізу бойынша ұсыныстар жасалмаған.

7.4 Қолдану деңгейі: кең. Басқару шешімдерінің тиімділігін арттыруға ықпал ететін стратегиялық шығындардың жіктелуі және олардың басқару есебіндегі ұйымдастырылу әдістемесін тек кондитерлік сала емес барлық экономика сала ұйымдарының тәжірибесіне енгізуге болады.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, дәлелденген.

1.Жунисова Г.Е., Стратегиялық басқару есебі мәні мен маңызы // «Қазақстан мультиполяры әлемде: экономикалық сценарийлер» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияның материалдары. – Алматы, 2019. – 259-263 б.

4-тұжырымдама. SPSS 23.0 статистикалық пакеттік бағдарламасында ұйымның құнын бағалау әдістері негізінде жасақталған, бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалауға ықпал ететін стратегиялық басқару есебінің математикалық моделі;

7.1 Қағидат дәлелденген бе? Иә, тәжірибеде кездесетін ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалау әдістері салыстырыла келе, SPSS 23.0 статистикалық пакеттік бағдарламасының көмегімен дәлелденіп, ұсынылған.

7.2 Тривиалды ма? Жоқ, себебі бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалаудың математикалық моделі стратегиялық талдау құралдарының ықпалын талдау негізінде құрастырылған.

7.3 Жаңа ма? Иә, себебі бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалауға ықпал ететін стратегиялық басқару есебінің математикалық моделі бұған дейін жасалмаған.

7.4 Қолдану деңгейі: кең. бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалауға ықпал ететін стратегиялық басқару есебінің математикалық моделі тек кондитерлік сала емес барлық

экономика салаларының ұйымдарының тәжірибесіне енгізуге болады.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, дәлелденген.

1. Hajek P., Baidildina A.M., Zhunisova G.E., Arystambaeva A.Z., Economic value added as a factor of investment attractiveness and competitiveness of the company // Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ хабаршысы, Экономикалық серия. Алматы, – 2019. – №2 (128). б. 139-147.

5-тұжырымдама. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және арттыруға әсер ететін, жүргізілген зерттеудің нәтижесінде анықталған стратегиялық басқару есебі жүйесінің құралдарының өзара байланысы мен тәуелділігін сипаттайтын құрылымдық-логикалық моделі.

7.1 Қағидат дәлелденген бе? Иә, жоғарыда дәлелденген тұжырымдамалардың жүйеленген нәтижесі болып табылады.

7.2 Тривиалды ма? Жоқ, себебі ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін арналған жұмыста келтірілген барлық стратегиялық басқару есебі мен талдау құралдарының негізінде құрастырылған, және қорытынды нәтижесі болып табылады.

7.3 Жаңа ма? Иә, себебі Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастыру және арттыруға әсер ететін, жүргізілген зерттеудің нәтижесінде анықталған стратегиялық басқару есебі жүйесінің құралдарының өзара байланысы мен тәуелділігін сипаттайтын құрылымдық-логикалық модель басқа зерттеушілермен алдында келтірілмеген.

7.4 Қолдану деңгейі: кең. бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалауға ықпал ететін стратегиялық басқару есебінің математикалық моделі тек кондитерлік сала емес барлық экономика салаларының ұйымдарының тәжірибесіне енгізуге болады.

7.5 Мақалада дәлелденген бе? Иә, дәлелденген.

1.Жунисова Г.Е., Байдильдина А.М. «Рентабельность как

			показатель конкурентоспособности организации» // Материалы международной научно-практической конференции студентов и молодых ученых «Фараби әлемі». – Алматы: «Қазак университеті», 2017. – С. 72-77
8	Дәйектілік принципі. Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің тандауы – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Зерттеу әдістемесі толығымен ашық сипатталып жазылған және негізделген. Тандалған әдістемелерді қолданудың тиімділігін сипаттау үшін әдейі әдебиеттерге сілтеме жасалған.
		8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интеграциялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған: 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u> .	Диссертациялық жұмыс нәтижелері заманауи ғылыми зерттеу мен компьютерлік технологиялар көмегімен ақпараттарды өңдеу және ұсыну әдістері негізінде алынған. Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін кешенді бағалауға ықпал ететін стратегиялық басқару есебінің математикалық моделі SPSS 23.0 статистикалық пакеттік бағдарламасын пайдалану арқылы құрастырылған. Ал жұмыста келтірілген бюджеттер MS Excel бағдарламасында орындалған.
		8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін негізінде дәлелденеді): 1) <u>иә</u> ; 2) <u>жоқ</u>	Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен <u>дәлелденген және расталған</u> . Ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудағы стратегиялық басқару есебі мен талдаудың рөлі анықталып, «Стратегиялық басқару есебі» ұғымына нақтыланған анықтама берілген; ұйымның бәсекеге қабілеттілігіне әсері дәлелденген, құралдарының жіктемесі келтірілген; стратегиялық шығындардың жіктемесі беріліп, оларды басқару есебінде ұйымдастыру әдістемесі берілген; стратегиялық талдау құралдарының негізінде ұйымның бәсекеге қабілеттілігін бағалау моделі құрастырылған; нәтижесінде жоғарыда аталған құралдар негізінде ұйымның бәсекеге қабілеттілігін қалыптастырудың құрылымдық-логикалық моделі құрастырылған.
		8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге	Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> . Диссертациялық жұмыс

		сілтемелермен <u>расталған</u> /ішінара расталған/расталмаған	нәтижелерінің сенімділігі мен дәлелденуі ғылыми жұмыстарды жинақтаумен, мемлекеттік бағдарламаларды пайдалануымен расталады.
		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> /жеткіліксіз	Пайдаланылған әдебиеттер әдеби шолуға <u>жеткілікті</u> . Әдеби шолулар диссертациялық жұмыс тақырыбына сәйкес келеді. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі мен сілтемелер дұрыс рәсімделген.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Диссертациялық жұмыстың теориялық маңызы бар. Зерттеудің нәтижелерін жоғары оқу орындарында «Тереңдетілген басқару есебі», «Стратегиялық есеп және талдау» курстарын оқытуда пайдалануға болады.
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ	Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері мен қорытындыларын бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында, ұйымның басшылары басқарушылары қолдана алады.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) <u>толығымен жаңа</u> ; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Практикалық ұсыныстар <u>толығымен жаңа</u> болып табылады. Келесі енгізу актілерімен зерттеу нәтижелері расталған: - Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің «Есеп және аудит» мамандығының (магистратура деңгейінде) оқу бағдарламасына «Стратегиялық есеп және талдау» курсы енгізу актісімен; - «Баян сұлу» Акционерлік қоғамының енгізу актісімен.
10	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) <u>орташа</u> ; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмысты Академиялық жазу және ресімдеу сапасы <u>орташа</u> . Мемлекеттік стандарттарға сәйкес келеді және мәтіні түсінікті ғылыми тілде жазылған. Дегенмен, диссертация текстінде стилистикалық қателер кездеседі.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеудің мақсаты мен міндеттеріне сәйкес келеді. Аяқталған ғылыми жұмыс болып табылады және қолданбалы ғылыми-тәжірибелік нәтижелерден тұрады.

Жұмыс ҚР-ның БҒМ білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету бойынша Комитетінің философия докторы (PhD) дәрежесін алуға диссертацияларға қойылатын талаптарына сәйкес орындалған.

Жунисова Гульнар Ерикқызының дайындаған «Стратегиялық басқару есебі мен талдау ұйымның бәсекеге қабілеттілігін арттыру құралы ретінде» тақырыбындағы жұмысы ашық қорғауға ұсынылады, ал оның авторы «6D050800 – Есеп және аудит» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін беруге лайықты.

**Ресми рецензент:**

**Экономика ғылымдарының докторы,**

**Алматы гуманитарлы-экономикалық Университетінің**

**«Есеп, аудит және статистика» кафедрасының профессоры**

**Тайгашинова К.Т.**

